

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Д. Серікбаев атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

УДК 656.053

Қолжазба ретінде

Наумик Ольга Викторовна

ЖОЛ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ЖКО
ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

6N0901 – Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен
тасымалдау ұйымдастыру

Магистр академиялық дәрежені алу үшін
жазылған диссертацияның авторефераты

Ғылыми жетекші
т.ғ.к., доцент А.А.Макенов

Қазақстан Республикасы
Өскемен, 2010

Жұмыстың өзектілігі

Соңғы жылдар жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі ірі әлеуметтік мәселенің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының көлік құралдарының парк саны өсуіне байланысты ЖКО және адамдардың қайтыс болуы мен жарақат алу, көлік құралдарының, жүктер, жолдар және басқа ғимараттар бұзылуын сипаттайтын салдардың саны көбейді. Бұл әлемнің басқа да мемлекеттеріне жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ЖҚҚК) аймағында қатерлі мәселелерді туғызады.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды жұмысы ЖКО статистикалық мәліметтерінің есепке алу және саралауы болып табылады.

Саралау үшін қажетті мәліметтерді әрбір ЖКО алғашқы мәліметтері тіркелетін арнайы құжат арқылы (ЖКО тіркеу картасы) жүзеге асырылады.

Қолданып жүрген ЖКО тіркеу картасын анықтап қарап және саралаған кезде бірнеше кемшіліктері табылды, олар келесі:

- ЖКО болған кезде жол оқиғасының және оқиғаны зерттеу кезіндегі қолданатын басқа маңызды себептерінің толық мәліметтері жоқ болғандықтан;

- көлік жүргізушінің әлеуметті жағдайын (жасы, жынысы, ТҚ меңгеру стажы, отбасылық жағдайы, білімі және лауазымы) сипаттайтын толық мәліметтері жоқ болғандықтан;

- ЖКО жағдайын әділ және анық жазатын қажетті аппаратураның жоқтығынан.

ЖҚҚК аймағындағы көптеген мәселелерді шешу ЖКО тіркеу картасында жоқ мәліметтерді қолданып ЖКО пайда болатын себептерінің толық саралауды талап етеді. Сондықтан ең басты мақсат осындай саралау өткізгенде, оның түрін және құжаттардың мазмұның (қосымша тіркеу карталары, сұрау беттері және т.б.) болып табылады, олар ЖКО болған жерде немесе жол полициясы бөлімінде толтыруы қажет.

ШҚО ІІД жол полициясы басқармасы тапсырмасы бойынша біз көрсетуіміз бойынша ЖКО тіркеу картасы жаңа түрі ұсынылды, ол мәліметтерді толық көлемінде көрсететін негіз болып табылады. Бұл саралауды толығырақ көрсетіп және оның себептерін және ЖКО туғызған факторларды белгілейді.

Зерттеудің мақсаты – ЖКО туралы мәліметтердің анықтығын және толықтығын қамтамасыз ету.

Зерттеудің объектісі – жол полициясының бөлімшелерінде ЖКО тіркеудің жүйесі.

Жұмыс гипотезасы - ЖКО тіркеу картасының жаңа түрін еңгізу негізінде жол полициясы бөлімшелерінде ЖКО тіркеу жүйесін жетілдіру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Өртүрлі мемлекеттерде апаттардың салыстыру саралауын өткізу.
2. Басқа мемлекеттердегі жол полициясы бөлімшелерінде ЖКО тіркеудің әдісін танып білу.
3. Қолданылатын ЖКО тіркеу карталарды танып білу және бар кемшіліктерін анықтау.
4. Өскемен қаласындағы апаттың саралауын өткізу.
5. Жол полициясы бөлімшелерінде ЖКО тіркеу жүйесін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар беру.

Зерттеу әдісі:

- жүйелік саралау;
- математикалық статистика;
- эксперимент теориясы;
- ақпараттық жүйелер жобалау теориясы.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдау: Диссертацияның негізгі ережелері және нәтижелері «Жастардың шығармалары – Қазақстанның инновациялық дамуы» атты студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың ІХ Республикалық ғылыми-техникалық конференциясында баяндалды. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, сәуір 2009 ж., Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Құрылыстағы ғылыми-инновациялық әрекеті дамуының келешегі», 29 мамыр 2009 ж., (Н. Исанов атындағы Қырғыз құрылыс, көлік және сәулет мемлекеттік университеті Бішкек қаласы, 2009); III Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Инновациялық экономиканы қалыптастырудағы жоғары оқу орындарының рөлі», Өскемен, 25-27 маусым 2009 ж., «Транспорт және логистика» кафедрасының ғылыми семинарында.

Жұмыстың құрылымы және көлемі: Диссертацияның ішіне кіріспе, үш негізгі тарау, қорытынды, 20 әдебиет тізімі және қосымшалар кіреді. Жұмыс машинкамен басылған 65 беттен тұрады, 23 суреті және 14 таблицасы бар.

Бірінші тарауда облыстағы қазіргі кездегі жол жүру қауіпсіздігінің қамтамасыз ету жағдайына шолу жасалған.

Өртүрлі мемлекеттердің тәжірибесі бойынша, қазіргі уақытта жол жүру қауіпсіздігін арттыру мәселесіне көптеген көңіл бөлінеді.

Ақырғы он жылда КҚ көбейю нәтижесінде жол жүру қарқындылығы және қиыншылығы көбейді, ол сонымен бірге ЖКО санын көбейтті.

Жол жүру қауіпсіздігін зерттеуі ЖКО мәліметтерін өңдеуімен байланысты, ол ЖЖҚ күйінің тенденцияларын анықтауға және оның

мәселесін бағалауға мүмкіншілік береді. Бірақ оған қарамастан ЖКО тіркеу картасын және оның жүйесін зерттеу нәтижесінде біз көптеген кемшіліктерді таптық, олардың себебі:

- ЖКО болған кезде жол оқиғасының және оқиғаны зерттеу кезіндегі қолданатын басқа маңызды себептерін толық мәліметтері жоқ болғандықтан;
- тіркеу картасын толтыратын тұлғалардың қажетті дәрежесі жоқ болғандықтан;
- ЖКО жағдайын әділ және анық жазатын қажетті аппаратураның жоқтығынан.

Осыған орай біз есептеу техникасын және ЖКО тіркеуі үшін ақпараттық технологияларын қолдану мәселелерін ұсындық.

Жол жүру қауіпсіздігін арттыру негізгі бағыттарын анықтадық:

- жаңа технологиялар және халық арасында жол жүру қауіпсіздігін арттыру мақсатымен үгіт-нәсихат жұмыстарын жүргізу;
- жаңа технологияларды шығару және жол-көлік оқиғалар туралы мәліметтерді саралау және құрама әдістерін жинау;
- ең тиімді жолдарын айқындау мақсатымен және оны төмендету сол сияқты т.б. шараларын жүргізу арқылы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларының апат деңгейіне ықпал етуін зерттеу.

Екінші тарауда Өскемен қаласындағы 2005-2009 жж. апаттар саралауы берілген.

ЖКО статистикалық мәліметтерінің саралауы көрсеткені бойынша, ЖКО көптеген саны шілде айында (10,37%), тамыз айында (10,19), қазан айында (11,45) және қараша айында (10,43) болады. Шілде, тамыз – оқудан және жұмыстан демалыс кездері. Жолдарда КҚ және жаяу жүрісулер көбейгені белгілі болады, сондықтан ол осы кезде ЖКО көбейген саның түсіндіреді. Қазан және қараша айларында алғашқы қатқақтар, түңгі және күндізгі уақыттарда жолда көк мұз пайда болады. Жұмыс аптаның ортасында және аяғында, әсіресе сәрсенбі (15,70) және сеңбі (16,48) күндері, ол кезде жұмыс аптаның соңғы күндері шаршағандық пайда болады. Түстен кейін сағат 16-дан 20 дейін (27,08%) жұмыс аяқталғаннан кейін. ЖКО ең көп кездесетіні жаяу жүрушілерді қағып кету (55%) және соғылысу (25%), ол келесі себептерден тұрады: ЖЖ қатысушылардың ұқыпсыздығы, КҚ жүргізушілердің рұқсат берген жылдамдығын асыруы және т.б.

Қосымша біз Қазақстан Республикасы жол жүру Ережесі бойынша тәртіп бұзу саралауын өткіздік, ол рұқсат берілген жылдамдықты асыру (15,8) болып табылды. Одан басқа жол жүру Ережесі бойынша басқа да бұзушылық (38,4%) табылды. Оның ішінде бағдаршамның рұқсат етілмеген ескертуіне жүруі, жол жүру және т.б. кезде қауіпсіздік белбеуін қолдануы.

Жол жүруге қатысушылардан анкеталық сұрау жүргізген кезде КҚ жүргізуші, КҚ техникалық сипаттары, жол жағдайлары және ЖКО туралы көп ақпарат жиналды.

Үшінші тарауда ЖКО тіркеу жүйелерін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілген. Оның ішінде ЖКО тіркеу карталарының жаңа түрлері еңгізілген туралы, олар мәліметтерді толық көлемінде,

себептерін және ЖКО жасау факторларын анықтау өткізуге мүмкіншілік береді.

ЖКО тіркеу жүйесі ШҚО ІД ЖОБ бойынша бірыңғай жергілікті есептеу жүйесі әрекет ету қажет.

Жол жүру қауіпсіздігі қамтамасыз бойынша әрекетінің негізгі мақсаты апаттың азайтуы болып табылады. ЖКО саның және ауырлығын азайту бойынша шаралар кешенің енгізу қажет.

Қорытындылар:

Диссертация зерттеулерін орындау нәтижесінде келесі қорытынды жасауға болады:

Қолданып жүрген ЖКО тіркеу картасын зерттелді, оның ішінде бар кемшіліктер табылды, ол ақпараттың анық және толық емес болғандықтан. Бұл үдерістің үйлесімділігі үшін біз ШҚО ІД

Жол жүру басқармасының тапсырмасы бойынша ЖКО тіркеу жүйесін арттыру мақсатымен ЖКО тіркеу жаңа картасының жобасын жасадық.

Апаттар саралауы өткізіліп және оның пайда болатын негізгі себептері анықталды.

ЖКО жағдайларын анықтау үшін анкеттік сұрау қорытындылары ұсынылды.

ЖКО тіркеу жүйесінің арттыру бойынша ұсыныстарды еңгізу жол полициясының жұмысы нәтижесін арттыруға көмектеседі.

ПУБЛИКАЦИЯЛАР

1. А.А. Макенов, О.В. Наумик Жол полициясы бөлімшелерінде ЖКО тіркеу жүйесін арттыру. «Жастардың шығармалары – Қазақстанның инновациялық дамуы» атты студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың ІХ Республикалық ғылыми-техникалық конференциясында баяндалды. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, 2009 ж. ІІІ. бөлімі.

2. А.А.Макенов, О.В. Наумик Жол полициясы бөлімшелерінде ЖКО тіркеу жүйесін арттыру // ШҚМТУ Вестник – 2009. - №3. – 83-88 б.